



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

I КНИГА

Қостанай, 2022

әдістердің әзірлеушісі мен авторына және оларды жүзеге асыратын оқыту, дамыту және тәрбиелеу құралдарына айналдыру.

Инновациялық қызметті басқару әртүрлі нысандарда жүзеге асырылады. Көшбасшылықтың негізгі қағидаты білім беру (педагогикалық оқу, консультациялар, семинарлар және тағы басқалар), сондай-ақ материалдық (қосымша ақылардың, сыйлықтардың әртүрлі нысандары және тағы басқалары) сияқты түрлі құралдармен педагогқа қолдау көрсету болып табылады.

Кез-келген инновация үшін нақты мұғалімнің инновациялық-педагогикалық қызметі болуы керек. Сондықтан педагогикалық шығармашылық үшін жағдай жасау, оқыту мен тәрбиелеудің нысандары мен әдістерін жетілдіру қажет, мазмұнды таңдауда өзгермелілікті қамтамасыз ету қажет.

Педагогикалық инновация - бұл педагогика саласындағы жаңалық, білім беру ортасына оның жеке компоненттерінің де, жалпы білім беру жүйесінің де сипаттамаларын жақсартатын тұрақты элементтерді (инновацияларды) енгізетін мақсатты прогрессивті өзгеріс [3, 186].

Инновациялық технологиялардың даму тенденцияларының бірі оқу процесіне адамның танымдық ғана емес, сонымен бірге эмоционалды - жеке саласын да қосу болып табылады. Үздіксіз дамудың, педагогика әдістерін жетілдірудің нәтижесі инновациялық технологиялар болды, яғни білім берудегі жаңа идеялардың интегративті процесі жүретін технологиялар. Мектептерде инновациялық жобаларды енгізу оқушыларды уақыт рухында оқытуға және тәрбиелеуге көмектеседі. Бұл балаларды білім деңгейіне байланысты одан әрі қиындықтарға дайындауға көмектеседі, әр мұғалім өз оқушыларынан артта қалмау үшін уақытты ұстануы керек. Сондықтан ол үнемі оқытудың жаңа және қызықты тәсілдерін іздеуі керек. Оқу процесінде ақпараттық технологияларды қолдану барлық жағынан көп уақытты қажет ететін процесс болса да, ол барлық шығындарды ақтайды, оқуды қызықты, қызықты және мазмұнды етеді. Мұғалім өзінің технологиясы мен жұмыс әдістерін таңдауға құқылы, бірақ әрқайсысы оқушының дамуы үшін жұмыс істеуге міндетті [4, 146].

Заманауи технологияларды қолдану оқытуды мазмұнды және әсерлі етеді, оқушылардың тәуелсіздігі мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді, тақырыптың қызықты және қызықты әлемін ашуға көмектеседі. Педагогикалық инновациялар педагогиканың дамуының ажырамас бөлігі екенін және олар білім беру жүйесін жетілдіру үшін қажет екенін түсіну маңызды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Педагогика №4, 2004: Мерзімді басылым / В.С.Лазарев, Б.П.Мартirosян. - Педагогикалық инновация: объект, пән және негізгі ұғымдар – 3-14 б.
2. Кәсіби білім №1, 2006: Мерзімді басылым / В.Г. Казаков - жаңа уақыт-кәсіби дайындықтың жаңа технологиялары – 15 б.
3. Гуров В. Педагогтың инновациялық қызметі / Қосымша білім беру және тәрбиелеу. - 2008. - № 2. - 15-18 б.
4. Разина Н.А. Білім беру мекемесінің инновациялық қызметі жағдайында мұғалімнің кәсіби және жеке дамуы / Қазіргі заманғы ғылымды қажет ететін технологиялар. - 2008. - № 1. – 14 б.

УДК 711.7

ЖАҢА БІЛІМ ЖАҢАЛЫҚҚА БАСТАДЫ

Токжанова Айгерим Ермуқановна,
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі
«Ы.Алтынсарин атындағы
мамандырылған мектеп интернаты» КММ
Қостанай қ., Қазақстан

Андатпа

Автор мақаласында ағылшын тілі сабағында инновациялық әдіс- тәсілдер оқу сауаттылығын арттыра түседі деп тұжырым жасаған. Оқушылардың ынтымақтастықпен бірігіп жұмыс жасауына, ойын еркін жеткізуіне дамытуына көп септігін тигізеді деп тәжірибесімен бөліседі. Сол себепті мен күнделікті әр сабағымда жаңа технология элементтерін тиімді қолданып отырамын деп түйін жасайды. Өз сабағындағы оңтайлы тәжірибені тиімді деп ұсынады. Жаңа технологияның ұтымды тұстарын ашып көрсетеді.
Түйінді сөздер: инновация, ұтымды, ағылшын, заманауи, көптілді.

Аннотация

В статье автор делает вывод, что инновационные методы на уроках английского языка повышают грамотность чтения. Она делится своим опытом работы, работа ученика в группе сверстников развивает интерес к изучаемому и пройденному материалу, а также хорошо развивает учебные

действия, необходимые для осмысления и систематизации знаний. Считает, что применение новых технологий в процессе обучения помогает дальнейшей социализации учащихся.

Ключевые слова: инновация, рациональный, английский, современный, многоязычный.

Abstract

In this article, the author concludes that innovative methods in English classes improve reading literacy. Particular attention is given to share experience that it helps students work together and develop free play. That is why I conclude that I effectively use elements of new technology in every lesson. He assumes that the best practice in his class is effective. It is spoken in detail about new technology and reveals the benefits of new technologies.

Key words: innovation, rational, English, modern, multilingual.

Жаңа ғасыр дидактика мен оқыту әдістемесіне елеулі өзгерістер әкелді. XX ғасыр педагогикасы XXI ғасыр педагогикасынан ерекшеленеді. XXI ғасырдың басынан бастап ұлттық және әлемдік білім берудің дамуында көптеген өзгерістер болды. Қазіргі кездегі ең байқалатын құбылыс – қоғамның интернеттенуі және білім саласына цифрлық технологиялардың енуі. Мектеп оқушыларының қазіргі ұрпағы цифрлық, әлеуметтік цифрлық және «Z буыны» ретінде белгілі. Білім – оқу арқылы білімді меңгеруден мұғалімнің монологынан көрнекі қабылдауға немесе сыныпта талқылауға көшу. Сандық технологиялар біздің өмір сүру жолымызды, қарым-қатынасымызды, қалай ойлайтынымызды, қалай сезінетінімізді, басқаларға қалай әсер ететінімізді, әлеуметтік дағдылар мен әлеуметтік мінез-құлықты өзгертеді. Мамешеваның айтуынша, «жоғары технологиялық орта – компьютерлер, смартфондар, бейне ойындар, интернет іздеу жүйелері – адам миын өзгертеді». Инновациялар немесе инновациялар адамның кез келген кәсіптік қызметіне тән және сондықтан, әрине, зерттеу, талдау және енгізу пәніне айналады. Инновациялар өздігінен пайда болмайды, ол жекелеген мұғалімдердің, тұтас ұжымдардың ғылыми ізденістерінің, озық педагогикалық тәжірибесінің нәтижесі. Бұл процесс өздігінен болуы мүмкін емес, оны басқару керек.

Бүгінгі өркениетке бет бұрған ақпарат заманында терең білімді, білікті, бәсекеге қабілетті, ағылшын тілін меңгерген шығармашыл тұлға тәрбиелеу – ең өзекті мәселе. Демек, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді ақпараттандыру – XXI ғасырдың басты талабы. Қазіргі таңда «Әлем өзгергендіктен, мен де өзгеремін» деген даналық сөзді педагогикалық ұстанымым ретінде жаныма серік етіп ағылшын тілінен сабақ беріп келемін. Мені еңбек жолымда мынадай сұрақтар толғандырды: Оқытудың басқа формасы бар ма екен? Оқушыны ағылшын тіліне қызықтыру үшін не істеуге болады? Оларда тез үйренсем деген ой бірінші болып тұрмайды? Әрине, осындай сәтте менде жаңа әдіспен жұмыс істесем, бір ерекшелігі бар оқыту формасымен танысам деген құштарлық пайда болды. Міне, осы сауалдарыма жауапты мен инновациялық технологиядан таптым десем артық айтқаным емес. Әрине, инновациялы технологияны мұғалімнің іс – тәжірибесіне өзгерістер енгізу – мектебіміздің басты талабына айналып, бүгінгі күні, алғашқы нәтижесін де бере бастады. Білім беру бағыттары әрбір оқушымен болатын жеке кері байланысты да есептен шығармауға жетеледі. Әріптестеріңмен пікірлесу, ой бөлісу, тәжірибе алмасу – жеткен табыстың бір бөлшегі. Ол үшін күнделікті оқыту тәжірибемде инновациялық жаңаша түрде құрылған сабағымды жоспарлап, оны өткізу барысында жаңа тәсілдерді, «Диалог арқылы оқыту» мен «Қалай оқу керектігін үйренуді» ғана қарастырамын, өйткені оларды әлеуметтік-сындарлық көзқараспен тығыз байланыстырамын. Өзімнің тәжірибемде ағылшын тілін оқытудағы білімділік мақсаты – шетел тілінде сөйлеуді үйрету, байланыста бола алу мен ортақ тіл табысып, қарым – қатынасты нығайтуға ұмтылу болса, тәрбиелік мақсаты – өзге адамдарды тыңдау мәдениетін қалыптастыру негізінде өз пікірін айта алу және қорғауға үйрету. «Оқушылардың дүние тануын кеңейтетін, ойлау қабілетін дамытатын тартымды да, қызықты сабақты қалай ұйымдастыруға болады? – деген сұрақ шет тілі пәнінің мұғалімдерінің алдында тұр. Оның бірден-бір жауабы – сабақты жүйелі түрде түрлендіріп әр-түрлі әдіс- тәсілдерді қолдану. «Ізденген жетер, мұратқа» дегендей шәкірттерім дәстүрлі кездегідей қонақ болып отырмай, нағыз кейіпкерге айналды. Әрбір сабағымда басты міндетім – білім алушыларды ойландыру, іздендіру сол арқылы өз беттерінше ізденіп оқуға баулу. Осы жылдар арасында қандай пікірге келдім? Жаңа білім мазмұнының тиімділігі неде? Осы орайда пікірімді тарқатып айтып кеткім келеді. Инновациялық білім берудің тиімділігі: мақсаттың нақтылығы, жоспарда бөлім, бөлімшелердің айқындылығы, сыни тұрғыда көзқарасының қалыптасуы, өздігінен білім алушы, кері байланыс деген пікірге келдім. Ағылшын тілін қалай тез үйренуге меңгеруге болады? Ол үшін, әрине жоспар мен мақсат керек. Берілген тапсырмалартүсінікті болуға тиіс, мұғалім аз сөйлеп, оқушы көп сөйлеп, көп жұмыс істейтіндей болу керек. Әділдік пен сыйластық атмосферасы болу керек. Тәжірибемде шет тілін меңгертуде қиыншылықтар кездесетіні рас. Өзім сабақ беретін сыныптарда көп кездесетін жағдайлардың бірі кейбір оқушылар ағылшын тіліндегі сөздерді, мәтіндерді оқуға қиналады. «Ересек адамдардың ісі, жұмысы, қызметі сияқты ойын да бала өмірінде маңызды болып саналады. Бала ойында қандай болса, өскенде жұмыста да сондай болады» деп А.С.Макаренко айтқандай, бұл қиындықтарды шешу үшін мен сабағымда ойын технологиясынан пайдаланамын. Ағылшын тілін оқыту процесінде тілді дұрыс үйрету ауызша сөйлеу, сауатты жазу, мәнерлеп оқыту өте маңызды. Оқушылардың ағылшын тілінде сөйлеуін, оқуға деген ынтасын

арттырып, белсенділігін көтеретін- ойын. Ойын балалар үшін әр уақытта ойын болғандықтан, ойын элементтері бар сабақ оларды қызықтырады. Ал мұғалім үшін ойын- дидактикалық әдіс, оқыту, білім беру. Ағылшын тілі сабағында ойын сол тілде қарым- қатынасты тудыратын үдеріс қана болып қоймай, оны барынша табиғи түрде жақындатады. Ойын оқушылардың белсенділігін арттырады, мұғалім мен оқушының арасындағы психологиялық кедергіні бұзып, теңдік сезіледі. Мысалы: «Spinner» ойыны, «Find letter», «Monster eats animals», «Right and left», «Shapes» т.б ойын түрлері. «Spinner» ойыны ағылшын тілі пәні сабағында қолданылатын ең қызықты ойын түрлерінің бірі. Бұл ойында мұғалім кез-келген тақырыпты пысықтау немесе қайталау мақсатында сол тақырыпқа байланысты жаңа сөздерді қазақ тілінде жазып қояды, оқушылар спиннер айналып тоқтаған сөзді ағылшын тілінде айту керек. Мен өз сабағымда жоғарыда аталып өткен ойын түрлерін пайдаланып сабақтарымды өттім және нәтижеде оқушылар өтілген тақырыптарды пысықтап жаңа сөздерді есте сақтау қабілеті, ағылшын тілі пәніне деген қызығушылықтары артты. Және де ағылшын тілінде сөйлемдер айтып үйренді. Күнделікті сабағымды оқушыларға қызықты әрі түсінікті болу үшін инновациялы белсенді әдіс- тәсіл түрлерін пайдаландым. Белсенді әдіс- тәсілдер- оқушылардың ынтымақтастықпен бірігіп жұмыс жасауына, ойын еркін жеткізуіне және шығармашылық қабілеттерін дамытуына көп септігін тигізеді. Сол себепті мен күнделікті әр сабағымда жаңа технология элементтерін тиімді қолданып отырамын. Таратып айтсам, өткен тақырыпты пысықтау мақсатында «Ішкі және сыртқы шеңбер» әдісін қолданамын. Бұл әдісті қолданғаннан кейін «Пайыздық көрсеткіштер» арқылы бағалау жасайды, яғни оқушы өткен тақырыпты қаншалықты меңгергеніне өзіне-өзі бағалау жасайды. Ал, жаңа сабақтың тақырыбын ашуда проблемалық сұрақтар қоя отыра, «Миға шабуыл» әдісін қолданамын. Бұл әдістің тиімділігі оқушыға сұрақ қою арқылы, проблеманы зерттеу арқылы оқушының ой-өрісін дамытады және өз ойын еркін жеткізуге тырысады. Оқушы өз ойын еркін жеткізе отыра, басқалардың сұрақтарына өз бетімен жауап іздейді. Осылайша «Миға шабуыл» әдісі арқылы жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын ашуға болады. Жұптық жұмыс кезінде «Үштік әдісті» қолдану өте тиімді. Бұл әдісті қолдануда оқушылардың есте сақтау қабілеті сақталады, яғни тыңдалым дағдылары дамып, өз ойын ашық айта алады. Сонымен қатар айтылым, оқылым, жазылым дағдылары да қалыптасады. Оқушылар ойын барысында белсенді серік болуға мүмкіндік алады. Ойын әрекетінсіз ағылшын тілі лексикасын оқушының есінде қалдыру тиімділігі аз және ақыл ой күшін көп қажет етеді. Оқу үрдісіне енгізілген ойын ағылшын тілі сабағында оқытудың бір түрі ретінде қызықты, жеңіл және жанды болуы керек. Ойын оқу үрдісін жеңілдететінін ескеру қажет. Оқытушының сабаққа қойған мақсатына, міндетіне, шартына байланысты ойын түрі өзгертіліп отырылуы қажет. Ойын арқылы кез-келген оқу материалын қызықты да тартымды қылып, оқушылардың көңіл-күйін көтеруге, өздерінің жұмыстарын қанағаттануға және білім үрдісін жеңіл меңгеруге көмектеседі. Сабақ барысында ойын арқылы дамытуға арналған тапсырмалар жүйелі бағытталып, ұйымдастырылып отырса сонда ғана мұғалімнің сабақ мақсатына жеткізуіне мүмкіндік береді. Оқу үрдісінде ойын түрлерін пайдалану біріншіден, оқушылардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден балалардың сабаққа деген қызығушылығын көтеру болып табылады. Қазіргі таңда қалыптастырушы бағалаудың тиімділігін назарда ұстағанымыз жөн. Мәселен, «Бес саусақ», «Бутерброд», «Тазалық» т.б тиімді десем, «Бағдаршам» бағалау сәтінде оқушылар тек жасыл, сары, қызыл түсін көрсетіп қана қоймай, кері байланыс жасап отыруы қажет. Үштілділік те сабақ та жаңа білімнің бір жетістігі. Тапсырма бойынша оқушы ізденіп, керек мәтіндерді ғаламтордан, кітаптан іздеп, аудармасына ағылшынша, орысша жасап келеді. Шығармашылықты тежейтін кедергілер «орындай алмаймын», «қолымнан келмейді» деп қорқынышқа бой алдырса, екіншісі өз талантын ашуға енжар болады, ал үшіншісі ұяңдыққа жеңдіреді. Осы орайда жантанушы ролінде шәкірттеріме «Жарайсың!», «Керемет», «Тамаша», «Талпын» деген сөздер арқылы қанат бітіріп отырамын. «Сабақ беру үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жетілдіруді қажет ететін, үнемі жаңаны табатын өнер», – деп Ж.Аймауытов айтқандай болашақта ой-өрісі кемелденген, жаңалыққа құмар, бәсекеге қабілетті, көптілді жеке тұлға тәрбиелеуде еңбегімізді еселей берейік!

Педагогикалық технологияны құрастырып, іс жүзінде жүзеге асыратын мұғалімнің алдында оқытылатын ғылымның логикасы бойынша ұйымдастырылған оқушыларға ақпаратты жай ғана беруден гөрі, өлшеусіз күрделі мәселе тұр. Мұғалімнің (сондай-ақ оқушының) өмірлік мақсаттары алуан түрлі, бірақ оның педагогикалық қызметінде оқушылардың рухани, әлеуметтік, интеллектуалдық және пәндік-кәсіби мәдениеттің тұқым қуалау және кеңейтілген молайту процесін қамтамасыз ету басты мақсат болып табылады. Жоғары педагогикалық кәсібилік. Мұғалім белгілі білім, білік және дағды үлгілерін «берумен» шектелмейді («үлгілеу» ретінде білім беру), бірақ өзін-өзі дамыта отырып, оқушылардың шығармашылық тұлға ретінде дамуына жағдай жасауы керек.

Тандымдық іс-әрекетті осылайша ұйымдастыру кезінде оқушы әу бастан-ақ педагогикалық айла-шарғылардың, ақпаратты беру мен бекітудің объектісі ретінде емес, толыққанды әрекет субъектісі, яғни мақсат қоюға қабілетті тұлға ретінде қарастырылады. және өмірлік, білім беру және кәсіби қызмет жағдайларындағы мақсатты жүзеге асыру. Сонда білім беруді «білімді, дағдыны және дағдыны беру» (тек ақпаратты беруге болады) емес, адамның әлеуметтік, интеллектуалды әлемде белсенді түрде позициялау арқылы өз ішінде әлемнің бейнесін жасауы деп түсіну керек, рухани және объективті (кәсіби) мәдениет. Өртүрлі өмірлік, ұлттық-мәдени, білім беру, кәсіптік және т.б. контекстердегі субъективтік басынан бастап болжамдар.

Сондай-ақ педагогикалық технологияның дидактикалық түрлендірілген ғылым саласы ретінде оқытылатын пәнге байланысты айтарлықтай ерекшеленетіні анық. Жаратылыстану ғылымдары немесе математика өзінің қатаң ғылыми аппаратымен, тәжірибе жүзінде тексерілген объективті фактілерімен және заңдылық мәртебесін алған зерттелетін табиғи объектілер арасындағы байланыспен, экспериментатордың байқалатын құбылыстарға араласпауы туралы сөз болғанда, бұл бір нәрсе, осы заңдардың нақты қайталануы және т.б. Және мүлдем басқа, «табиғи емес» оқытылатын кезде - гуманитарлық пән, айталық, психология жеткілікті анық емес ұғымдар, бір құбылыстарға көптеген субъективті көзқарастар, көптеген психикалық көріністердің шарттылығы. және экспериментатордың қатысуымен заңдылықтар және т.б. Сонымен, ғылымда «тұлға» түсінігінің 50-ге жуық анықтамасы бар және олардың қайсысы дұрыс екенін қарастыру оны кездестірген әрбір адамның таңдау мәселесі, егер тек оны негіздеу үшін дәлелдер жүйесі нанымды.

Контекстілік білім беру теориясы тұрғысынан педагогикалық технологияның прототипі ғылымның құрғақ логикасы немесе адамның қандай да бір механикалық құрал ретіндегі идеясы емес, баланың немесе ересек адамның тірі әрекеті болып табылады. 2]. Осылайша, білім сапасын арттырудың сарқылмас ресурсы ретінде оқу үдерісіне «адамдық өлшем» енгізіледі; теориялық білімді меңгеру өз алдына мақсат емес, танымдық және болашақ кәсіби іс-әрекетті реттеу құралына айналады. Мәтінмәндік білім берудегі білім беру ақпаратын табиғи әлеуметтік кәсіптік-пәндік қызметтің кенептеріне таңу студенттердің бұл ақпаратты ғылымда бекітілген мағыналарды ғана емес, жеке мағыналар деңгейінде игеруіне әкеледі.

Қазақстанның және посткеңестік елдердің дидактикасы мен педагогикасындағы өзгерістердің екі негізгі бағыты бар. Біріншісі, идеологияның өзгеруі мен елдердің тәуелсіздік алуына байланысты. Екіншісі білім беруді дамытудың әлемдік тенденцияларымен байланысты: құзыреттілікке негізделген тәсілді енгізу, ақпараттандыру, интернационалдандыру, білім беруді жаһандандыру және әртараптандыру. Мұғалім, бір жағынан, оқытудың мазмұнын, әдістерін, стратегиялары мен технологияларын жобалауды субъективті түрде шешеді, бірақ білім беру реформасын жүзеге асыру оған байланысты. Екінші жағынан, мемлекет пен қоғам педагогикалық мәдениетті, педагогтардың ойлауының құндылық аспектілерін кәсіби, кәсіби даярлау және мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесі арқылы кеңінен таратады. Сана мен кәсіби іс-әрекеттің субъективтілігі қазіргі педагогика ғылымының принциптерінің бірі болып табылады. Яғни, жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолдану немесе қолданбау мұғалімнің жеке басына, оның әдістемелік құзыреттілігіне, педагогикалық шеберлігіне байланысты. Мұғалімнің біліктілігін арттыру жүйесінің міндеті – осындай қажеттілікті өзекті ету, әдістемелік құзыреттілік қалыптастыру. Жоғары оқу орындарының міндеті – оқытушы мен студенттің шығармашылық әлеуетін дамытуды ынталандыру және ынталандыру. Мұғалімнің маңызды міндеті – оның педагогикалық мүмкіндіктерін үнемі қайта ойластыру және дамыту; сонда ұстаз үлгісінің ықпалындағы оқушы белсенді де сауатты тұлға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Силова И. Глобализация на полях: образование и постсоциалистические трансформации в Центральной Азии. Шарлотта, Северная Каролина: Информационная эпоха издательства (IAP), Inc .; 2016; 12(6): 25-29
2. Штейнер-Хамси Г. Как реагируют НПО: глобализация и реформа образования на Кавказе, в Центральной Азии и Монголии. Кумарская пресса; 2018; 31(2): 25-36. DOI: 10.1111 / j. 1467-873X.2008.00426.x
3. Мямешева Г. Добродетель в современном умном мире. Вестник КазНУ. Серия «Педагогическая наука». 2015; 44 (1): 152-156 «Білім шыңы» журналы 2020ж №2 5-7бет
4. «Білімді ел» республикалық газеті 2020ж №2 5- 7бет
5. «Жаңа білім» журналы 2020ж №56- 84бет
6. «Қазақстан мұғалімі» газеті 2020ж №42- 4 бет
7. «Қостанай таны газеті» журналы 2020ж №45- 6 бет
8. «Ол не?» энциклопедия 2021ж №17
9. «Инновациялық әдістер жинағы» журналы 2020ж №9 5-6бет